

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корея Республикасының Үкіметі арасындағы атом энергиясын бейбіт пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 қыркүйектегі N 975 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корея Республикасының Үкіметі арасындағы атом энергиясын бейбіт пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі Владимир Сергеевич Школьникке Келісім жобасына қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корея Республикасының Үкіметі арасындағы атом энергиясын бейбіт пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен  
Корея Республикасының Үкіметі арасындағы  
атом энергиясын бейбіт пайдалану саласындағы  
ынтымақтастық туралы  
Келісім**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корея Республикасының Үкіметі,

Атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдаланудың екі елдің әлеуметтік және экономикалық дамуына жәрдемдесуде маңызды фактор болып табылатынын атай отырып,

Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасы арасында орын алған достық қатынастарды дамытуға ұмтыла отырып,

Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасы Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің (бұдан әрі - МАГАТЭ) және 1968 жылғы 1 шілдедегі Ядролық қаруды таратпау туралы келісімге (бұдан әрі - ЯҚТК) қатысушы мемлекеттер болып

табылатынын мойындай отырып және

Екі елдің атом энергиясын дамытудағы және бейбіт мақсатта пайдаланудағы ынтымақтастығын кеңейту мен нығайтуға жалпы ұмтылысын назарға ала отырып, Мына төмендегілер туралы келісті:

## 1-бап

### Мақсаттары

Осы Келісімнің мақсаты Тараптардың атом энергиясын бейбіт пайдаланудағы ынтымақтастығы үшін, Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасы арасындағы жан-жақты ынтымақтастықты өзара тиімді негізде, Тараптардың әрқайсысының құқықтарына қысым жасамай-ақ нығайту үшін құқықтық негіз жасау болып табылады.

## 2-бап

### Анықтамалар

Осы Келісімнің мақсаттары үшін:

- а) "Жабдық" осы Келісімнің А қосымшасында келтірілген тізімдегі кез келген жабдықтарды, құрылғыларды немесе құрауыштарды білдіреді;
- б) "Материал" осы Келісімнің Б қосымшасында келтірілген тізімдегі кез келген ядролық емес материалды білдіреді;
- в) "Ядролық материал" кез келген бастапқы материалды немесе "арнайы ыдырайтын ядролық материалды" білдіреді, мұндай ұғымдар 1956 жылғы 26 қазандағы МАГАТЭ Жарғысының XX бабында анықталған. Ядролық материал немесе арнайы бөлінетін ядролық материал ретінде қаралатын материалдардың тізімін толықтыратын МАГАТЭ Жарғысының XX бабы бойынша МАГАТЭ Басқарушылар кеңесінің кез келген анықтауы, Тараптардың екеуі де осындай толықтыруды өздері қабылдайтынын бір-біріне жазбаша нысанда хабарлағанда, осы Келісім шеңберінде күшінде болады;
- г) "Бөлініп алынатын немесе жанама өнім ретінде алынатын арнайы бөлінетін материал" кез келген ядролық материалды пайдаланумен байланысты бір немесе одан да көп процестердің нәтижесінде өндірілген кез келген арнайы бөлінетін материалды білдіреді;
- д) "Тұлғалар" Тараптар әрқайсысының мемлекеттерінің заңдық құқығына жататын, бірақ осы Келісімнің Тараптарын қамтымайтын кез келген жеке тұлғаларды, мемлекеттік мекемелерді, компанияларды, бірлестіктерді, қауымдастықтарды акционерлік қоғамдарды, қоғамдық немесе жеке институттарды, концерндерді, топтарды және басқа да бірлестіктерді білдіреді;
- е) "Ақпарат" ядролық материалдарды немесе ядролық таратпау мақсаттарына

қатысты материалдарды өңдеу үшін беруші Тарап жабдықты әзірлеуге, өндіруге, пайдалануға немесе жөндеуге жататындар ретінде қарастыратын ғылыми немесе техникалық деректерді білдіреді.

### **3-бап**

#### **Ынтымақтастық салалары**

Осы Келісім шеңберінде Тараптар арасындағы ынтымақтастық мынадай салаларды:

а) атом энергиясын бейбіт пайдалану саласындағы іргелі және қолданбалы з е р т т е у л е р д і ;

б) атом электр станцияларын, зерттеу реакторларын немесе шағын және орта қуатты реакторларды зерттеуді, дамытуды, әзірлеуді, салуды, пайдалануды, жөндеуді ж ә н е п а й д а л а н у д а н а л у д ы ;

в) одан әрі өңдеуге және атом энергетикасында пайдалануға арналған ядролық материалдарды ө н д і р у м е н ж е т к і з у д і ;

г) ядролық отын элементтерін, жабдықтарын, жинақтаушы бұйымдарды, аспаптарды және басқа да ядролық техника құралдарын атом электр станцияларында, зерттеу реакторларында немесе шағын және орта қуатты реакторларда пайдалану үшін ө н д і р у м е н ж е т к і з у д і ;

д) ядролық материалдармен, радиоактивті заттар мен қалдықтармен айналысуды қ о с а а л ғ а н д а , я д р о л ы қ - о т ы н ц и к л ы н ;

е) өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында және медицинада радиоактивті изотоптарды ө н д і р у м е н қ о л д а н у д ы ;

ж) ядролық қауіпсіздікті, радиациялық қорғау мен қоршаған ортаны қорғауды;

з) ядролық кепілдіктер мен физикалық қорғауды;

и) ядролық саясатты және атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметпен айналысатын п е р с о н а л д ы ң б і л і к т і л і г і н а р т т ы р у д ы ;

к) Тараптардың келісімі бойынша басқа да сапаларды қамтуы мүмкін.

### **4-бап**

#### **Ынтымақтастық нысандары**

Осы Келісімнің 3-бабының шеңберіндегі ынтымақтастық мынадай:

а) ғылыми-техникалық персоналмен алмасу және оларды дайындау;

б) ғылыми және техникалық ақпаратпен және деректермен алмасу;

в) симпозиумдар, семинарлар мен жұмыс топтарын ұйымдастыру;

г) ядролық материалдарды, материалдарды, жабдықтар мен технологияларды т а б ы с т а у ;

д) тиісті техникалық консультациялар мен қызметтер көрсетуді ұсыну;

е) бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу және өзара мүддені білдіретін жобаларды іске асыру нысандарда ;

ж) Тараптардың келісімі бойынша ынтымақтастықтың басқа да нысандары болуы мүмкін.

## **5-бап**

### **Құзыретті органдар мен атқарушы келісімдер**

1. Тараптар осы Келісім шеңберіндегі олардың елдерінде қолданылатын заңнамаға сәйкес Тараптардың міндеттемелерінің орындалуына жауапты құзыретті органдар анықтайды .

2. Осы Келісім бойынша ынтымақтастықты орындау мақсатында Тараптардың құзыретті органдары өз мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес атқарушы келісімдер жасасуы мүмкін .

3. Өздерінің өкілеттіктеріне сәйкес құзыретті органдар ынтымақтастық жөніндегі нақты бағдарламалар мен жобалардың ережелері мен шарттарын, жасалған атқарушы келісімдер бойынша рәсімдер мен қаржылық келісімдерді анықтайды және Тараптардың қолданыстағы заңнамасына сәйкес басқа да мәселелер үшін жауап береді.

## **6-бап**

### **Ақпарат**

1. Тараптар, осындай ақпаратты ұсынған Тараптың немесе құзыретті органның осындай ақпаратты пайдалануға немесе таратуға қатысты қандай да бір құқықты шектеу немесе өзінде қалдыру туралы алдын ала хабарламаған жағдайларын қоспағанда, осы Келісім шарттарына сәйкес өздері алмасқан кез келген ақпаратты еркін пайдалана алады .

2. Тараптар, Тараптардың бірінің заңдық құқығы шеңберінде құзыретті органдар берген коммерциялық және өндірістік құпияларды және зияткерлік меншік құқықтарын қорғауды қоса алғанда, таратылуында шектелуі бар ақпаратты тиісінше қорғауды қамтамасыз ету үшін солардың елдерінде қолданыстағы заңнамаға сәйкес барлық қажетті шараларды қолдануы тиіс. Осы Келісім шеңберінде зияткерлік меншік деп 1967 жылғы 14 шілдеде Стокгольмде қабылданған Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымы Құрылтай конвенциясының 2-бабында берілген анықтама түсініледі.

## **7-бап**

**Ядролық материалды, арнайы бөлінетін материалдарды, жабдықтарды, технологиялар мен ақпаратты беру**

1. Осы Келісім шеңберінде ақпаратты, ядролық материалды, арнайы бөлінетін материалдарды, жабдықтар мен технологияларды беру тікелей Тараптардың арасында немесе уәкілетті тұлғалар арқылы жүргізілуі мүмкін. Мұндай берулер осы Келісімнің және Тараптардың келісімі бойынша белгіленуі мүмкін ықтимал қосымша шарттардың қолданылуына жатады.

2. Осы Келісімге сәйкес берілген ядролық материалдар, материалдар, жабдықтар мен ақпарат және бөлініп алынатын немесе жанама өнім ретінде алынатын, арнайы бөлінетін материалдарды алушы Тараптың заңдық құқығынан тысқары үшінші Тараптарға бұған беруші Тараптың жазбаша келісімінсіз берілмеуі тиіс. Тараптар арасында осы ережені іске асыру мақсатында жеке келісім жасалуы мүмкін.

3. Ядролық материалдар, материалдар, жабдықтар мен бөлініп алынатын немесе жанама өнім ретінде алынатын арнайы бөлінетін материалдар:

а) олар алушы Тараптың заңдық құқығынан тысқары берілмейінше;

б) ядролық материал кепілдіктер тұрғысынан қандай да бір ядролық қызмет үшін бұдан былай пайдалануға жатпайынша немесе іс жүзінде қалпына келтірілмейтіндей болғанға дейін. Тараптардың екеуі де МАГАТЭ-мен жасалған кепілдіктерді қолдану туралы олардың келісімдеріне сәйкес әрекет жасауға тиіс;

в) қолданыстағы халықаралық құқық нормаларына сәйкес Тараптар басқаша айтпайынша осы Келісімнің қолданылуына жатуға тиіс.

4. Осы Келісім шеңберінде берілген ақпарат бұдан кейін де, Тараптар өзге туралы келіскенге дейін, оның қолданылуына жатуға тиіс.

## **8-бап**

### **Өңдеу және байыту**

1. Осы Келісім шеңберінде берілген немесе кез келген осындай тәртіппен берілген жабдықта пайдаланылатын уран Тараптардың жазбаша келісімінсіз U-235 изотопы бойынша жиырма (20%) және одан да көп пайызға байытылуы мүмкін емес.

2. Осы Келісім шеңберінде берілген ядролық материалдар және осы Келісім шеңберінде берілген ядролық материалдарды, жабдықтарды немесе материалдарды пайдаланумен өндірілген ядролық материалдар Тараптардың жазбаша келісімінсіз өңделуі мүмкін емес.

## **9-бап**

### **Әскери мақсатта және жарылыстар үшін қолдануға тыйым салу**

Осы Келісім шеңберінде берілген ядролық материалдар, материалдар, жабдықтар мен ақпарат және бөлініп алынатын немесе жанама өнім ретінде алынатын арнайы

бөлінетін материалдар ядролық қаруларды дамыту немесе кез келген ядролық жарылыс құрылғыларын шығару үшін немесе кез келген әскери мақсаттар үшін пайдаланылмауы тиіс.

## **10-бап**

### **Кепілдіктерді қолдану**

1. Осы Келісімнің ядролық материалдарға қатысты 9-бабының ережелері Тараптардың әрқайсысының және МАГАТЭ арасындағы кепілдіктер жөніндегі келісімдерге сәйкес орындалуы тиіс. Қазақстан Республикасы үшін - Қазақстан Республикасы мен Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік арасындағы 1994 жылғы 26 шілдедегі Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа байланысты кепілдіктерді қолдану туралы келісімге (бұдан әрі - Кепілдіктер туралы келісім) сәйкес, Корея Республикасы үшін - Корея Республикасының Үкіметі мен МАГАТЭ арасындағы 1975 жылғы 31 қазандағы Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа байланысты кепілдіктерді қолдану туралы Келісімге (бұдан әрі - Кепілдіктер туралы келісім) сәйкес.

2. Егер қандай да бір себеппен немесе қандай да бір уақытта МАГАТЭ қандай да бір Тараптың заңдық құқығы шеңберінде осындай кепілдіктерді қолдана алмаса, онда осы Тарап дереу басқа Тараппен МАГАТЭ қағидаттары мен рәсімдерін қанағаттандыратын осы Келісімге сәйкес берілген барлық атауларға кепілдіктерді қолдану жөнінде Келісім жасасуға тиіс.

## **11-бап**

### **Физикалық қорғау**

Тараптар осы Келісім шеңберінде берілген ядролық материалдар мен жабдықтарды физикалық қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі МАГАТЭ ұсынған деңгейде, сондай-ақ кез келген қосымша келісімдерде немесе Тараптардың қабылдауы мүмкін толықтыруларда көзделген деңгейлерде тиісті шараларды қолдануы тиіс.

## **12-бап**

### **Ынтымақтастықты тоқтату**

Егер Тараптардың бірі осы Келісім күшіне енгеннен кейін кез келген сәтте:

- а) 7, 8, 9, 10, 11-баптардың шарттарын орындамаса,
- б) Кепілдіктер туралы келісімді тоқтатса немесе бұзса,

екінші Тарап осы Келісім шеңберіндегі одан әрі ынтымақтастықты тоқтата тұру құқығына ие болады.

## **13-бап**

### **Дауларды шешу**

1. Тараптар Тараптардың кез келгенінің сұрау салуы бойынша осы Келісімнің орындалуын немесе оның орындалуына жататын мәселелерді қарау үшін келіссөздер мен консультациялар жүргізеді.

2. Осы Келісімді түсіндіру немесе орындау кезінде туындайтын кез келген даулар Тараптардың келіссөздерінде немесе консультациясы барысында реттелуі тиіс.

## **14-бап**

### **Күшіне ену және қолданылу мерзімі**

1. Осы Келісім Тараптардың заңнамамен көзделген, оның күшіне енуі үшін қажетті барлық ресімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламасын алған күнінен бастап күшіне енеді және он жыл бойы күшінде қалады.

2. Келісім, егер Тараптардың қандай да біреуі басқа Тарапқа Келісімнің қолданылуын тоқтату туралы өзінің ниетін жазбаша хабарламаса, келесі бес жылдық кезеңге ұзартылады. Келісім тиісті Тараптың хабарламасын алған күннен бастап алты ай өткеннен кейін қолданылуын тоқтатады.

3. Осы Келісімнің мерзімі өткеніне немесе қолданылуының тоқтатылғанына қарамастан, осы Келісімнің 7, 8, 9, 10 және 11-баптарында қамтылған міндеттемелер, Тараптар өзге туралы келісімге келгенге дейін күшінде қалатын болады.

## **15-бап**

### **Қолданылатын құқық**

Осы Келісім бойынша ынтымақтастық Тараптардың әрқайсысының мемлекетінде қолданылатын заңнамаға сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасының арасында жасалған халықаралық келісімдерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

## **16-бап**

### **Түзетулер**

А және Б қосымшалары осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады. Олар Тараптардың екеуінің жазбаша келісімімен өзгертілуі мүмкін. Мұндай 14-бапқа сәйкес өзгерістер күшіне енуі тиіс.

Осы Келісім Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін, бұл осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын хаттамалармен тиісті түрде ресімделуге тиіс.

Осыны куәландыру үшін тиісті үкіметтер осыған уәкілеттік берген төменде қол қоюшылар осы Келісімге қол қойды.

2004 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ әрқайсысы қазақ, корей және ағылшын тілдеріндегі екі данада жасалды, осы Келісімнің барлық мәтіндерінің бірдей күші бар. Түсіндіруде кез келген келіспеушілік болған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Корея Республикасының*

*Үкіметі үшін*

*Үкіметі үшін*

А қосымшасы

## **Жабдықтар**

1. Нөлдік энергиялы реакторды қоса алғанда, бөлудің басқарылатын өзін өзі қолдайтын тізбектік реакциясын қолдауға қабілетті ядролық реакторлар (соңғысы ең көп плутоний өндіру деңгейі жылына 100 граммнан аспайтын реакторлар ретінде белгіленеді).

2. Реакторлардың корпустары: металл корпус - жоғарыдағы 1-тармақта белгіленген және ядролық реактордың бірінші контурының жылу тасығышының жұмыс қысымына төзімді, ядролық реактордың белсенді аймағын қамту үшін арнайы әзірленген және дайындалған дайын блоктар немесе олардың негізгі дайын бөліктері.

3. Реакторлық отынды тиеу мен түсіруге арналған машиналар: отынды жоғарыдағы 1-тармақта белгіленген жүк күрделі тиеу операцияларын орындауға қабілетті немесе отынмен жүкті тиеу-түсіру операцияларын, мысалы, әдетте отынды тікелей көзбен бақылауға немесе оған қол жеткізуге мүмкіндік болмайтын операцияларды орындауға мүмкіндік беретін техникалық күрделі ұстанымдық сипатқа ие ядролық реакторға тиеу мен түсіру үшін арнайы әзірленген немесе дайындалған манипуляторлық жабдық.

4. Реактордың бақылау стерженьдері: жоғарыдағы 1-тармақта белгіленген ядролық реактордағы реакцияның жүру жылдамдығын басқару үшін арнайы әзірленген немесе дайындалған стерженьдер.

5. Реакторлық қысым құбырлары: отындық элемент пен 50 атмосферадан астам отындық элементтері мен жұмыс қысымды ядролық реактордың (жоғарыдағы 1-тармақта белгіленгендей) бірінші контурының жылу тасымалдағышы үшін арнайы әзірленген немесе дайындалған құбырлар.

6. Цирконий құбырлар: құбыр немесе құбырлардың жиынтығы нысанындағы жылына 500 кг-нан асатын сандағы және әсіресе гафнийдің цирконийге қатысы салмақтық үлесі 1:500-ден аз реакторда (жоғарыдағы 1-тармақта белгіленгендей) пайдалану үшін әзірленген немесе дайындалған цирконий және цирконий балқымалары.

7. Бірінші контурдағы жылу тасымалдағыштардың сорғылары: жоғарыдағы 1-



тармақта белгіленген ядролық реактордың бірінші контурының жылу тасымалдағыштарын айналдыру үшін арнайы әзірленген немесе дайындалған сорғылар.

8. Ядролық реактордың ішкі құрылысы: белсенді аймақтың қолдаушы колонналарын, отын арналарын, жылу экрандарын, торларды және диффузордың пластинасын қоса алғанда, жоғарыдағы 1-тармақта белгіленгендей, ядролық реакторда пайдалану үшін арнайы әзірленген немесе дайындалған ядролық реактордың ішкі құрылысы.

9. Жылу алмастырғыш: жоғарыдағы 1-тармақта белгіленгендей, ядролық реакторлардың жылу тасымалдағыштарының бірінші контурында пайдалану үшін арнайы әзірленген немесе дайындалған жылу алмастырғыштар (бу генераторлары).

10. Нейтронды детектор және өлшеуіш құрал-саймандар: жоғарыдағы 1-тармақта белгіленгендей, реактордың белсенді аймағындағы нейтрондар ағындарының деңгейін анықтау үшін арнайы әзірленген немесе дайындалған нейтронды детектор және өлшеуіш құрал-саймандар.

11. Сәулеленген отын элементтерін өндіру жөніндегі зауыттар мен осы үшін арнайы әзірленген немесе дайындалған жабдықтар: сәулеленген отын элементтерін өндіру жөніндегі зауыт қалыпты пайдалану кезінде сәулеленген отын мен негізгі ядролық материалдармен тікелей қатынасқа түсетін және тікелей сәулеленген отынның, ядролық материалдардың және бөліну өнімдерінің өндірістік ағынын басқаратын жабдықтар мен құрауыштарды қамтиды.

12. Отын элементтерін өндіру жөніндегі зауыт: отын элементтерін өндіру жөніндегі зауыт қалыпты пайдалану кезінде тікелей қатынасқа түсетін жабдықтарды немесе ядролық материалдардың өндірістік ағындарын өңдеу немесе басқару үшін пайдаланылатын немесе оның көмегімен ядролық материал ТВЭЛ қабығына жатқызылатын жабдықтарды қамтиды.

13. Уран изотоптарын бөлуге арналған зауыттар: Уран изотоптарын бөлуге арналған зауыт талдамалықты қоспағанда, уран изотоптарының бөлінуі үшін арнайы әзірленген немесе дайындалған жабдықтарды, сондай-ақ бөліну процесі үшін арнайы әзірленген немесе дайындалған жабдықтардың негізгі атауларының әрқайсысын қамтиды.

14. Ауыр су өндіру жөніндегі зауыттар: ауыр су өндіру жөніндегі зауыт дейтерий немесе оның қоспаларын байыту үшін арнайы әзірленген немесе дайындалған зауыт пен жабдықтарды, сондай-ақ зауыттың жұмысы үшін маңызы бар кез келген бөлшекті қамтиды.

Б қосымшасы

**Материал**

1. Дейтерий және ауыр су: дейтерий атомы ұзақтығы 12 ай болатын кез келген кезеңде 200 кг асатын санда ядролық реакторда пайдалануға арналған (А қосымшасының 1-тармағында белгіленгендей) дейтерий және дейтеридің сутегіне қатысы 1:5000 болатын кез келген қоспалары.

2. Ядролық сападағы графит: тазалығы бір миллионға 5 бөліктен жақсы деңгейіндегі (бор эквивалентінде) және ұзақтығы 12 ай болатын кез келген кезеңде 30 метрлік тоннадан асатын сандағы бір куб сантиметрдегі тығыздығы 1,50 грамм болатын графит.